Аудиторлық есеп

Текелі қаласы 19.10.2018 ж.

1. Ішкі мемлекеттік аудит объектісінің атауы:

«Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме). Мекеме Алматы облысы Әділет департаменті Текелі қаласының Әділет басқармасында 2016 жылғы 03 тамызда қайта тіркеуден өтіп, заңды тұлға ретінде №152-1907-23-КММ куәлігін алған. Бизнестік сәйкестендіру нөмірі–901040000109. Мекеменің банктік деректемелері: «Қазақстан Республикасы Қаржы министірлігінің Қазынашылық комитеті» Текелі қаласының қазынашылық басқармасы арқылы жүргізіледі. Қазынашылық коды 2561010, банктік сәйкестендіру коды KKMFKZ2A, жеке сәйкестендіру коды KZ93070102KSN0901000.

Заңды тұлғаның орналасқан мекен-жайы: Алматы облысы, Текелі қаласы, Стадионная көшесі, 41үй.

2.Мемлекеттік аудиттің типі: Сәйкестікке.

3.Тексеру түрі:

4. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге тапсырма: Алматы облысы әкімі А. Баталовтың 2018 жылдың 11 қазандағы №29 аудиторлық іс-шараны (тексеруді) жүргізу туралы тапсырмасы.

5. Ішкі мемлекеттік аудит жүргізілді: Алматы облысы әкімінің аппараты ішкі аудит қызметінің бас маманы - мемлекеттік аудитор Әкімқазы Рамазанұлы Ерленов жүргізді.

6. Ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты (нысанасы): Бюджет қаражаттарын басқаруды тексеру болып табылатын ішкі мемлекеттік аудит.

7.Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2017 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2017 жылдың 31 желтоқсанын қоса алған кезең.

8.Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімі: 2018 жылдың 16 қазанынан бастап 2018 жылдың 19 қазанына дейінгі мерзімі.

9. Ішкі аудит объектісінің лауазымды адамдары:

«Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Нұрмыханова Алма Мұханғалиқызының рұқсатымен

және мекеменің бас есепшісі Айдабул Еділ Қуатұлының қатысумен сәйкестік аудиті жүзеге асырылды.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында мекеменің директоры (2012 жылдың 13 желтоқсанынан бүгінгі күнге бірінші қол қою құқығына ие.

2014 жылдың 02 қыркүйегінен бастап Айдабул Еділ Қуатұлы екінші қол қою құқығына ие.

10. Алдыңғы ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер:

Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі С. Сарсеновтың 2017 жылғы 19 қаңтардағы №02-16/4.8-7-Т бақылау жүргізу тапсырмасына сәйкес, бас маман-мемлекеттік аудитор Ұ. Жапабаев 2015 жылдың шілде айынан 2016 жылдың 31 желтоқсан айын қоса алған аралығында «Жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлерімен тартылатын қарыздарды пайдалануға аудит жүргізілген.

Іс-сапар шығындарын өтеуде Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасы шегіндегі қызметтік іс-сапарлары туралы ережені бекіту туралы» 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 (кейінгі толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) қаулысының 9 тармағының 2 тармақшасының талабы бұзылып 40000 теңге іссапар шығындары негізсіз пәтер ақы растайтын құжаттарсыз өтеліп берілген.

Басқадай бұзушылықтар анықталмаған.

11. Жүргізілген ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер:

«Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ережесі Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 08 шілдедегі №363 қаулысына 4-қосымша, Алматы облысының Әділет департаменті Текелі қалалық Әділет басқармасында Ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар 2016 жылғы 03 тамызда тіркелген.

«Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Алматы облысының әкімдігі болып табылады.

Мемлекеттік басқару органы «Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Ереже «Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шапағат» Текелі

арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

Бекітілген Ережеге сәйкес «Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің негізгі мақсаты қазмет алушыларға үй жағдайына жақындатылған, жасы мен денсаулық жағдайына барынша барабар тыңыс-тіршілік жағдайын жасау, стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтерді Стандартта белгіленген көлемге сәйкес көрсету.

Қызметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 165 «Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету Стандартын бекіту туралы» бұйрығымен белгіленген көлемге сәйкес көрсету және өзгеде міндеттері мен функциаларын іске асыруға бағытталған коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады «Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

Негізгі міндеттері:

- Қызмет алушыларды қабылдау және олардан ауруларын, жағдайының ауырлығын, жасын ескере отырып орналастыру, оларды жаңа жағдайға бейімдеу бойынша іс-шаралар жүргізу;
- Қызмет алушылардың жеке басының қол сұғылмаушылығы мен қаупсіздігін қамтамасыз ету;
- Стационарлық үлгіде мекемеде моральдық-психологиялық жағдай жасау;
- Бекітілген стандартқа сәйкес сауықтыру және әлеуметтік-оңалту іс-шараларын жүргізуге бағытталған қажетті арнаулы әлеуметтік қызметтер кешенін ұсыну арқылы қызмет алушыларға жан-жақты көмек көрсету;
- қолданыстағы заңнамаларға сәйкес өзге де міндеттерді іске асыру;

Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

«Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі, құзыретіне кіретін мәселелер бойынша есептік материалдарды дайындау жөнінде жұмысты бақылайды, қаржы қаражатының нысаналы жұмсалуына және «Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет

көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген материалдық құндылықтардың сақталуына бақылауды жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі жұмысқа жеке жауапты болады, жұмыс жоспарын бекітеді, оның орындалуына бақылауды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Нақты сәйкестік аудиті «Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік аудитке (тексеруге) берілген, ұсынылған құжаттары негізінде ішінара жүргізілді.

Бюджет қаражаттарын басқару бойынша сәйкестік аудитін жүргізу. Бюджет бағдарламалар бойынша шығыстарды жоспарлау.

Бюджеттік өтінімдерді жасауда, міндеттемелер мен төлемдер бойынша, жеке қаржыландыру жоспарының жасалуы мен орындалуында және өзгерістер еңгізуде Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджеттік Кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министірінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» №540 бұйрығы, және Қазақстан Республикасы Қаржы министірінің 2014 жылғы 24 қарашадағы «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №511бұйрығы негізге алынған.

Бюджеттік бағдарламаның жоспарланған бюджет шығындарының көлемі бақылаумен қамтылған кезеңде бөлінгені, оның ішінде:

256/002 «Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету» жергілікті бюджеттік бағдарламаға қаржыландыру жоспары бойынша қажетті қаражат қажеттілігі 358834,0 мың теңгені құрап бекітілген, жыл соңына қаржыландыру жоспарының кассалық және нақты шығыстар 358832,8 мың теңгені құраған игерілмегені 1,1 мың теңге.

256/067/000»- «Бағынысты мекемелердің күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2017 жылы бөлінгені 890,0 мың теңге, төленген мідеттемелері 890,0 мың теңге толығымен игерілген.

Еңбекақы қоры бекітілген штаттық кесте бойынша штаттық бірліктер санына сәйкес жасалынған, тарификациялар негізінде есептелген.

Шығыстарды жіктеу экономикалық классификаторының әрбір ерекшеліктері бойынша қажетті қаржы көлемін анықтау есептері жасалынған. Мемлекеттік мекемеде қаржыландырудың жеке жоспардың жасалуы және өзгерістер еңгізудің негізділігі тексерілді.

Бұзушылықтар анықталмады.

Есеп айырысу тәртібінің сақталуы, банк операцияларының дұрыстығы.

2017 жылға 350 орындық «Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің штаттық кестесі облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысымен 240,5 штаттық бірлік санымен және 13637,0 мың теңге айлық еңбекақы қорымен бекітілген.

Қызметкерлердің штаттық саны: 240,5, соның ішінде:

Басқарушы және шаруашылық қызметкерлер – 37

- *Әлеуметтік қызметкерлер -8*
- *Әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетушілер-139,5*
- *Әлеуметтік-медициналық қызмет көрсетушілер-46, оның ішінде: дәрігерлер саны- 7*
- *Әлеуметтік- психологиялық қызмет көрсетушілер- 2*
- *Әлеуметтік-еңбек қызметін көрсетушілер -3*
- *Әлеуметтік-мәдени қызмет көрсетушілер- 4*
- *Әлеуметтік – құқықтық қызмет көрсетушілер-1*

2017 жылдың қаржыландыру сомасы: 358834,0 мың. теңге,

Қамқорлықтағы 1 адамның ұстауына жылына: 1119,0 мың теңге

Бекітілген орын саны – 350 адам

31.12.2017 жылы қызметалушылар саны - 283 адам.

Ер азаматтар: 176 адам

Әйелдер: 107 адам

Қарттар: 210 адам

Мүгедектер: 73 адам;

I топтағы-31

II топтағы – 39

III топтағы – 1

Соғыс ардагері: 0

Тыл еңбеккерлері: 67

Жасы бойынша бөлгенде:

20-дан 50 жасқа дейін: 13

51-ден 60 жасқа дейін: 21

61-тан 80 жасқа дейін: 169

81-тан 90 жасқа дейін:68

91-тан 100 жасқа дейін:12

100-тан жоғары: 0

Ұлт бойынша бөлгенде:

Казақ ұлты: 92 (33 %)

Орыс ұлты: 152 (52 %)

басқа ұлттар:39 (15%)

Жұмысшылардың штаттық кестесін Мекеме басшысы бекіткен.

Азаматтық қызметшілерге еңбекақысын төлеу Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1284 «Мемлекеттік бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі сметасы (бюджеті) есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарынан қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» жарлығына (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) сыйақы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» қаулысына, (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген), қызметкерлерге еңбекақысын төлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы №1394 «Орташа еңбек ақыны есептеп табу ережесін бекіту туралы» қаулысына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-Ү «Еңбек кодексі» талаптарына сәйкес есептеліп төленген. Бұзушылықтар анықталмады.

Іс сапарға қаражаттардың пайдаланудың негізділігі.

Бақылаумен қамтылған 2017 жылдың 12 айы мерзімі аралығында іс-сапар шығындары болмаған. 002 бағдарламасының 161 ерекшелігіне ел ішіндегі іс-сапарлар шығындарына бөлінген 200,0 мың теңге, 002 бағдарламасының 151 «Коммуналдық қызметтерге қаражат» ерекшелігіне 100,0 мың теңгесі, 121 «Әлеуметтік салық» ерекшелігіне 35,0 мың теңгесі және 159 «Басқада қызметтерге және жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігіне 65,0 мың теңгесі «Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының рұқсатымен ағымды жылжыту арқылы аударылған.

Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдалануы, коммуналдық мемлекеттік органдар мен мекемелердің еңбек ақыларын реттеу.

Коммуналдық қызметтерге қарастырылған қаражат өз мақсатында жұмсалған 2017 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында 32993,0 мың теңге шығындары жасасқан келісім-шарттары негізінде көрсетілген коммуналдық қызметтер үшін аударылған. Бағдарлама мәселесі коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдалануы ішінара тексерілді.

Коммуналдық қызметке төлемдері, оның ішінде суық су, электр энергиясына төлемдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 қарашасының №1118 «Бюджеттен қаржыланатын мекемелерде электр энергиясын, жылыту, ыстық және суық су басқа да коммуналдық қызметтер мөлшерлерін бекіту туралы» қаулысын басшылыққа алған.

Бұзушылықтар анықталмады.

Уақыттың шектелуіне және тығыздығына байланысты қойылған сұрақтар толығымен қамтылмады.

12. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудегі кедергілер:

«Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан кедергілер болған жоқ.

13. Ішкі мемлекеттік аудит барысында қолданылған шаралар:

Шаралар қолданылған жоқ.

Қосымша: «Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ережесі, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі,т.б қажетті құжаттар.

Алматы облысы әкімі аппаратының ішкі аудит қызметкері

Бас маман–мемлекеттік аудитор Ә. Ерленов

«Алматы облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

Бірінші қол қою құқығымен
директор А. Нұрымханова

Ішкі аудит нәтижелері туралы есеппен таныстым 2 дана: (№1 данасы ішкі аудит қызметі үшін, № 2 данасы мемлекеттік аудит объектісі үшін)

Аудит нәтижесімен *2018 жылғы «18» қазанда* таныстым _____(қолы) А. Нұрымханова

Аудиторлық есебін (екінші данасын) алдым _____(қолы) А. Нұрымханова